

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, олардың пайдалану тәртібі мен шекті толу нормаларын, материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, сондай-ақ пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 маусымдағы № 467 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 26 маусымда № 7538 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы Заңының 8-бабының 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес Жаңақорған аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, олардың пайдалану тәртібі мен шекті толу нормалары, материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар, сондай-ақ пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Жаңақорған аудандық мәслихатының 2016 жылғы 12 ақпандағы № 361 "Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізудің қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5396 нөмірімен тіркелген, "Жаңақорған тынысы" газетінде 2016 жылғы 19 наурызда және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 20 сәуірде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған аудандық мәслихатының кезектен тыс XL VI  
сессиясының төрағасы

А. Кыстаубаева

Жаңақорған аудандық мәслихат хатшысы

Е. Ильясов

Жаңақорған аудандық маслихатының  
2020 жылғы 25 маусымы  
№ 467 шешіміне қосымша

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, олардың пайдалану тәртібі мен шекті толу нормалары, материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар, сондай-ақ пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары

1. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар мен олардың шекті толу нормалары

1. Жаңақорған ауданы аумағында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін мынадай арнайы орындар мен олардың шекті толу нормалары айқындалсын:

1) Жаңақорған кенті:

Б. Дүйсенбаев көшесі бойында орналасқан "Күғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған аллеясы", шекті толу нормасы - 200 адамға дейін;

Хорасан-Ата көшесі бойында орналасқан "Praim Park" саябағы автотұрағының аумағы, шекті толу нормасы - 250 адамға дейін;

2) Шалқия кенті Қаныш Сатбаев көшесі №1 үй тұсындағы бос алаң, шекті толу нормасы - 250 адамға дейін;

3) Талап ауылдық округі Бесарық бекеті, Тәуелсіздік көшесі №14 үйдің қарсы бетіндегі бос алаң, шекті толу нормасы - 250 адамға дейін;

4) Машбек Нәлібаев ауылдық округі Абылайхан көшесі №8 үй тұсындағы бос алаң, шекті толу нормасы - 90 адамға дейін;

5) Төменарақ ауылдық округі Құдабай Наурызбаев көшесі №1 "Б" үй тұсындағы бос алаң, шекті толу нормасы - 160 адамға дейін;

6) Кейден ауылдық округі Сырдария көшесі №44 үй тұсындағы бос алаң, шекті толу нормасы - 100 адамға дейін;

7) Манап ауылдық округі Пірімкұл Керімқұлұлы көшесі №21 үй тұсындағы бос алаң, шекті толу нормасы - 80 адамға дейін;

8) Қожамберді ауылдық округі Байкенже Жантілесов көшесі №2 үй тұсындағы бос алаң, шекті толу нормасы - 90 адамға дейін;

9) Ақүйік ауылдық округі Палуан Бейсенбайұлы көшесі №74 үй тұсындағы бос алаң, шекті толу нормасы - 200 адамға дейін;

10) Өзгент ауылдық округі Исатай Абдукаримов көшесі №14 үй тұсындағы бос алаң, шекті толу нормасы - 150 адамға дейін;

11) Сұнақата ауылдық округі Сығанақ көшесі № 33 үй тұсындағы бос алаң, шекті толу нормасы - 120 адамға дейін;

12) Байкенже ауылдық округі Қалкөз Сіргебайұлы көшесінің бойындағы "Бейсенбек Ақылбекұлы" атындағы саябақ тұсындағы бос алаң, шекті толу нормасы - 100 адамға дейін;

13) Бесарық ауылдық округі Файзулла Көзібаев даңғылы мен атауы жоқ жаңа көше қиылысындағы бос алаң, шекті толу нормасы - 200 адамға дейін;

14) Қожакент ауылдық округі Арапбек Абиев №21 үй тұсындағы бос алаң, шекті толу нормасы - 90 адамға дейін;

15) Қосүйеңкі ауылдық округі Бибіш Смағұлова көшесі №19 үй тұсындағы бос алаң, шекті толу нормасы - 70 адамға дейін;

16) Аққорған ауылдық округі Нұртай Палымбетов көшесі № 1 "Б" үй тұсындағы бос алаң, шекті толу нормасы - 80 адамға дейін;

17) Екпінді ауылдық округі Бекжұман ата көшесі №18 үй тұсындағы бос алаң, шекті толу нормасы - 160 адамға дейін;

18) Көктөбе ауылдық округі Бейбітшілік көшесі №7 үй тұсындағы бос алаң, шекті толу нормасы - 90 адамға дейін;

19) Қаратөбе ауылдық округі Нағима Бодықова көшесі №15 үй тұсындағы бос алаң, шекті толу нормасы - 80 адамға дейін;

20) Қыркенсе ауылдық округі Төле би мен Тасу Қабанов көшелерінің қылысындағы бос алаң, шекті толу нормасы - 40 адамға дейін;

21) Жаңарық ауылдық округі Абай Құнанбаев көшесі №21 үй тұсындағы бос алаң, шекті толу нормасы - 70 адамға дейін;

22) Жайылма ауылдық округі Төленбек Құдиярұлы көшесі № 10 үй тұсындағы бос алаң, шекті толу нормасы – 80 адамға дейін;

23) Сұттіқұдық ауылдық округі Ыбырай Алтынсарин көшесі № 27 үй тұсындағы бос алаң, шекті толу нормасы – 140 адамға дейін;

24) Келінтөбе ауылдық округі Мұхтар Әуезов көшесі №16 "А" клуб үйінің тұсындағы бос алаң, шекті толу нормасы – 100 адамға дейін;

25) Қандөз ауылдық округі Әбсадық Әбсеметов көшесі № 15 үй тұсындағы бос алаң, шекті толу нормасы – 60 адамға дейін;

26) Қыраш ауылдық округі Бейбітшілік көшесі №6 үй тұсындағы бос алаң, шекті толу нормасы – 160 адамға дейін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 16.08.2024 № 231 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құntізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. Жаңақорған кенті бойынша бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу үшін жүргүзу бағыты:

Абай Құнанбаев көшесі №№ 92-154 тұрғын үйлер аралығы, шекті толу нормасы - 250 адамға дейін;

Б. Дүйсенбаев көшесі №1 тұрғын үйден бастап Әл-Мумин мешітіне дейін, шекті толу нормасы - 200 адамға дейін;

Бейбіт жиналыстарға қатысуышылардың болжамды саны бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындардың шекті толу нормаларынан асып кетпеуі тиіс.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 16.08.2024 № 231 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құntізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3. Алынып тасталды - Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 16.08.2024 № 231 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құntізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

4. Алынып тасталды - Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының

16.08.2024 № 231 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

## 2. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі

5. Бейбіт жиналыстарды бейбіт жиналыстар өткізілетін күні жергілікті уақыт бойынша сағат 9:00ден ерте бастауға және сағат 20:00ден кеш аяқтауға болмайды. Пикеттеу ұзақтығы, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды қоспағанда, дәл сол бір жерде, дәл сол бір объектіде күніне 2 сағаттан аспауға тиіс.

6. Дәл сол бір жерде және (немесе) дәл сол бір жүргүй маршруты бойынша не дәл сол бір уақытта бейбіт жиналыс өткізуге бір мезгілде бірнеше бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушылар үміткер болған жағдайда, көрсетілген орынды пайдалану кезектілігін Жаңақорған ауданының әкімдігі бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушыдан тиісті хабарламаны немесе өтінішті алған уақытын негізге ала отырып айқындайды.

7. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды қоспағанда, дәл сол бір жерде, дәл сол бір уақытта, дәл сол бір объектіде екі және одан көп пикет өткізуге жол берілмейді.

8. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушылар мен оларға қатысуышылар бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарда тазалықты сақтауы және тәртіпті қолдауы, қалалар мен елді-мекендердің абаттандыру элементтерінің (жолдар, тротуарлар, көгалдар, шағын сәулелік нысандар, жарықтандыру, су бұрулар) зақымдануына және бұзылуына жол бермеуі, сонымен қатар "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы Заңының (бұдан әрі - Заң) 5-бабының 2-тармағы және 6-бабының 2-тармағында белгіленген міндеттерді сақтауы тиіс.

9. Ішкі істер органдары өзінің құзыреті шегінде бейбіт жиналыстарды өткізу кезінде қоғамдық тәртіп сақтауды, адамның және азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, құқыққа қарсы қолсұғушылықтан қорғауды, жол қозғалысын реттеуді, өрт қауіпсіздігін, жаппай тәртіпсіздіктің және топтасып бағынбаушылықтың жолын кесуді қамтамасыз етеді.

10. Денсаулық сақтау ұйымдары өзінің құзыреті шегінде бейбіт жиналыстарды өткізу кезіндегі науқастарды қабылдауды және медициналық көмек көрсетуді жүзеге асырады.

11. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушыға және қатысуышыларға мыналарға тыйым салынады:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерін бұзуға, жаппай тәртіпсіздіктерге,

әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық алауыздықты қоздыруға үндеуге, билікті басып алуға немесе ұстап тұруға, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын күштеп өзгертуге насихаттауға немесе жария үндеуге;

2) көліктің, инфрақұрылым объектілерінің іркіліссіз жұмыс істеуіне, жасыл екпелер мен шағын сәулет нысандарының, өзге де мұліктің сақталуына бөгет жасайтын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарға қатыспайтын азаматтардың еркін жүріп-тұруына кедергі келтіретін әрекеттер жасауға;

3) бейбіт жиналыстар өткізу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдардың адам мен азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғау, қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешенін орындауды кезінде олардың қызметіне кедергі келтіруге;

4) өзімен бірге сүйк, атыс қаруын және өзге де қаруды, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы, азаматтарға және заңды тұлғалардың меншігіне материалдық нұқсан келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін арнайы дайындалған немесе бейімделген нәрселерді (заттарды, бұйымдарды) алып журуге;

5) алкоголь өнімін, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді таратумен және (немесе) тұтынумен айналысуға, сондай-ақ алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң қүйде болуға;

6) денсаулықты сақтауға арналған жеке қорғаныш құралдарын қоспағанда, бет-әлпетін тануға кедергі келтіретін киім-кешекті және (немесе) өзге де заттарды пайдалануға;

7) және жасағаны үшін жауапкершілігі қолданыстағы заңнамаларда белгіленген өзге де құқыққа қарсы әрекеттер.

## 12. Бейбіт жиналыстарды тоқтату үшін мыналар негіздер болып табылады:

1) азаматтардың өмірі мен денсаулығына, қоғамдық тәртіпке және (немесе) қоғамдық қауіпсіздікке нақты қатердің төнуі, мұлікке, оның ішінде бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орынның шекті толу нормасынан асып тұсу салдарынан нұқсан келтіруде;

2) әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық алауыздықты қоздыру, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын күштеп өзгертуге, Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығына қол сұғуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің басқа да ережелерін бұзуға үндеулер;

3) бейбіт жиналыстарды өткізу нысанын өзгерту;

4) Заңның 17-бабының 3-тармағында көрсетілген жағдайлар басталғанда;

5) ұйымдастырушының бейбіт жиналыс өткізуден бас тартуы;

6) бейбіт жиналыс өткізу уақытының өтуі.

Жаңақорған ауданы әкімдігінің өкілі бейбіт жиналыстарды тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушыдан не оларға қатысушылардан бейбіт жиналыстарды өз еркімен тоқтатуды талап етеді және бейбіт жиналыстарды тоқтату туралы талапты орындау үшін уақыт белгілейді.

Бейбіт жиналыстарды тоқтату туралы талап орындалмаған жағдайда ішкі істер органдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бейбіт жиналыстарды мәжбүрлеп тоқтату жөнінде қажетті шараларды қолданады.

13. Мемлекеттік органдардың, Жаңақорған ауданы әкімдігінің, олардың лауазымды адамдарының шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

### **3. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар**

14. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар мүмкіндігіне қарай сыртқы электрлік жарықтандыру қондырғылармен, электр желілеріне қосылатын нүктелермен, қоқысқа арналған құтылармен, ішкі істер органдарының Жедел басқару орталықтарына қосылған бейнебақылау жүйелерімен қамтылуы, сондай-ақ сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы нормативтерге сәйкес абаттандырылған болуы қажет.

15. Бейбіт жиналыстар өткізуді материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді оларды ұйымдастыруши мен оларға қатысушылар өз қаражаты есебінен, сондай-ақ осы бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жиналған және (немесе) берілген қаражат пен мүлік есебінен, егер осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында өзгеше белгіленбесе, жүзеге асырады.

16. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруды және өткізу үшін арнайы орындарда жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілген жеке тұлғалардың және (немесе) заңды тұлғалардың, қызметі Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен тоқтатыла тұрган немесе оған тыйым салынған заңды тұлғаның, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың және шетелдік заңды тұлғалардың қаржыландыруына тыйым салынады.

17. Жаңақорған ауданы әкімдігінің келісімінсіз бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарда киіз үйлер, шатырлар, өзге де құрылыш жайлар орнатуға тыйым салынады.

### **4. Пикеттеуді өткізуға тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары**

18. Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары мынадай болып айқындалсын:

- 1) жаппай жерлеу орындарына іргелес жатқан аумақтардың шекарасынан - 800 метр ;
- 2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілеріне іргелес жатқан аумақтардың шекарасынан - 800 метр;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс -тіршілігін қамтамасыз ететін үйымдарға іргелес жатқан аумақтардың шекарасынан - 800 метр;
- 4) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сактауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтардың шекарасынан - 800 метр;
- 5) магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыржолдарға, ұлттық электр желісіне, магистральдық байланыс желілеріне іргелес жатқан аумақтардың шекарасынан - 800 метр.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 16.08.2024 № 231 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.